

Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 18 қарашадағы N 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2000 жылғы 30 шілдедегі N 344 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 21 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1227. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 428 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 428 бұйрығымен.

Үзінді:

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабы 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 18 қарашадағы N 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2000 жылғы 30 шілдедегі N 344 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есеп туралы" 1995

жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Z952732_ заң күші бар Жарлығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 18 қарашадағы N 6 V960248_ "Субъектілердің қаржы-шаруашылық, қызметінің бухгалтерлік есеп шоттарының бас жоспары туралы" қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есеп шоттарының бас жоспарында:

1) V "Меншікті капитал" бөлімі 503 "Салымдар және пайлар" шотымен толықтырылсын;

- 2) VIII "Шығыстар" бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:
- "80 Өткізілген тауардың (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны
 - 801 Өткізілген дайын өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны
 - 802 Сатуға арнап сатып алынған өткізілген тауардың өзіндік құны
 - 803 Орындалған құрылыс-монтаж, жобалау-іздістіру, геологиялық-барлау, ғылыми-іздістіру және т.б. жұмыстардың өзіндік құны
 - 804 Көлік ұйымдарының жүк және жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілген қызметтерінің өзіндік құны
 - 805 Жалға байланысты қызметтердің өзіндік құны
 - 806 Байланыс ұйымдарының көрсетілген қызметтерінің өзіндік құны
 - 807 Сақтандыру ұйымдарының көрсетілген қызметтерінің өзіндік құны
 - 808 Басқалар
 - 81 Тауар өткізуге байланысты шығыстар (жұмыстар, қызметтер)
 - 811 Тауар өткізуге байланысты шығыстар (жұмыстар, қызметтер)
 - 82 Жалпы және әкімшілік шығыстары
 - 821 Жалпы және әкімшілік шығыстары
 - 83 Проценттер бойынша шығыстар
 - 831 Проценттер бойынша шығыстар
 - 84 Негізгі емес қызметтер бойынша шығыстар
 - 841 Материалдық емес активтерді өткізуге байланысты шығыстар
 - 842 Негізгі құрал-жабдықтарды өткізуге байланысты шығыстар
 - 843 Бағалы қағаздарды өткізуге байланысты шығыстар
 - 844 Бағам айырмасы бойынша шығыстар
 - 845 Басқалар
 - 85 Табыс салығы бойынша шығыстар
 - 851 Табыс салығы бойынша шығыстар
 - 86 Төтенше жағдайлардан және тоқтатылған операциялардан болған шығыстар (залалдар)
 - 861 Дүлей апаттан болған өтелмейтін залалдар
 - 862 Дүлей апаттан болған шығыстар (залалдар)
 - 863 Тоқтатылған операциялардан болған шығыстар (залалдар)
 - 864 Басқалар
 - 87 Басқа ұйымдарға үлестік қатысудан шығыс (залал)
 - 871 Басқа ұйымдарға үлестік қатысудан шығыс (залал)

3) X "Өндірістік есептің шоты" бөлімі, 900 "Негізгі өндіріс" шотымен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық 1997 жылғы 10 қаңтардан бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркелуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК